

ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы

"Бағалы қағаздардың бірыңғай
тіркеушісі" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
б е к і т і л д і

(2017 жығы 31 қаңтардағы
отырыстың № 1 хаттамасы

2017 жылғы 1 ақпаннан бастап
қолданысқа енгізілді

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылғы 14 желтоқсандағы сырттай дауыс берудің № 49 (з) хаттамасы) кіріспе, осы Қағиданың 2, 4 тарауының 2–4 баптары, сондай-ақ осы Қағидаға 1–5 қосымшалар 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жойды деп танылды.
2. Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылғы 14 желтоқсандағы сырттай дауыс берудің № 49 (з) хаттамасы) осы Қағиданың 1-бабы және 3-тарауы "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" ішкі құжатын жаңа редакцияда бекіткенге және қолданысқа енгізілгенге дейін қолданысын жалғастырады.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	4
1-тарау.	Кіріспе ереже	4
1-бап.	Ұғымдар мен шартты белгілер	4
2-бап.	Кіріспе ереже	5
3-бап.	Аралас жалпы жиналысқа қатысты ескертпе	5
4-бап.	Бірыңғай тіркеушінің санақ комиссиясы ретінде функциясы	6
2-тарау.	Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру тәртібі	6
3-тарау.	Санақ комиссиясының қызметін төлеу	6
19-бап.	Жалпы ереже	6
20-бап.	Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі	7
21-бап.	Сырттай жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі	8
22-бап.	Санақ комиссиясының қызметін төлеу тәртібі	9
4-тарау.	Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсетуге арналған шарт және қорытынды ереже	10

(Кіріспе Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).

1-тарау. КІРІСПЕ ЕРЕЖЕ

1-бап. Түсіндірмелер мен шартты белгілер

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған ұғымдар пайдаланылады.

Осы Қағидада пайдаланылған басқа ұғымдар Бірыңғай тіркеушінің басқа ішкі құжаттарында анықталған ұғымдармен барабар.
2. Осы Қағиданың мақсаты үшін:
 - 1) жалпы жиналысқа акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы, облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы, жабық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы немесе шаруашылық серіктестікке қатысушылар және/немесе олардың өкілдерінің жалпы жиналысы түсініледі;
 - 2) күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа отырыс өткізу арқылы өткізілетін жалпы жиналыс түсініледі;
 - 3) сырттай жалпы жиналысқа жалпы жиналысқа қатысушылардың сырттай дауыс беруі арқылы өткізілетін жалпы жиналыс түсініледі;
 - 4) аралас жалпы жиналысқа жалпы жиналысқа қатысушылардың аралас дауыс беруі¹ арқылы өткізілетін жалпы жиналыс түсініледі;
 - 5) жалпы жиналысқа қатысушыға жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлға түсініледі;
 - 6) күндізгі тәртіппен өткізілетін құпия дауыс беру үшін бюллетеньге тегінде күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушылардың құпия дауыс беру қажеттігі кезінде пайдаланылатын күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін бюллетень, сондай-ақ алқалық органның мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушылар пайдаланатын кумулятивтік дауыс беру үшін бюллетень түсініледі;

¹ "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының 49-бабының 1-тармағына сәйкес "сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін".

- 7) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге тегінде сырттай жалпы жиналысты өткізу кезінде пайдаланылатын сырттай дауыс беру үшін бюллетень, сондай-ақ алқалық органның мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде сырттай жалпы жиналысқа қатысушылар пайдаланатын кумулятивтік дауыс беру үшін бюллетень түсініледі;
- 8) жалпы жиналыс бастамашысына акционерлік қоғам, облигациялар эмитенті, жабық инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы не жалпы жиналысты өткізушінің бастамасы бойынша санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсетуге Бірыңғай тіркеушімен шарт жасайтын (жасаған, жасалған) шаруашылық серіктестік түсініледі;
- 9) жалпы жиналыс бастамашысының өкіліне лауазымды тұлға немесе санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру мәселесі бойынша Бірыңғай тіркеушімен өзара әрекет етуді жүзеге асыруға уәкілетті (уәкілеттенген) жалпы жиналыс бастамашысының қызметкері түсініледі;
- 10) КАСД eVote жүйесіне арнайы интернет-сайт және/немесе ол (олар) арқылы сырттай жалпы жиналысқа қатысушылар сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді электронды түрде ала алатын, осы бюллетеньдерді электронды әдіспен толтыра алатын және Бірыңғай тіркеушіге сырттай дауыс беру үшін электронды түрдегі олар толтырған бюллетеньдерді ұсына алатын Бірыңғай тіркеушінің арнайы мобильді қосымшасы түсініледі;
- 11) Бірыңғай тіркеушінің қызметкеріне Бірыңғай тіркеушінің атынан санақ комиссиясының функцияларына жататын әрекеттерді орындайтын Бірыңғай тіркеушінің қызметкерлері тобының құрамына кіретін Бірыңғай тіркеушінің қызметкері түсініледі;
- 12) заңды тұлғаның бірінші басшысына заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке жүзеге асыратын немесе заңды тұлғаның алқалық атқарушы органының басшысы болып табылатын жеке тұлға түсініледі.

2-бап. Кіріспе ереже

(Бұл бап Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).

3-бап. Аралас жалпы жиналысқа қатысты ескертпе

(Бұл бап Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).

4-бап. Бірыңғай тіркеушінің санақ комиссиясы ретінде функциясы

(Бұл бап Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).

2-тарау. САНАҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

(Бұл тарау Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).

3-тарау. САНАҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТӨЛЕУ

19-бап. Жалпы ереже

1. Жалпы жиналыс бастамашысы Бірыңғай тіркеуші көрсеткен санақ комиссиясының қызметіне санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифін және Бірыңғай тіркеушінің шығындарын өтеуге алымды төлей отырып төлейді.

Өткізілмеген жалпы жиналысқа қатысты Бірыңғай тіркеуші көрсеткен санақ комиссиясының қызметі көрсетілген және төлеуге жатады деп саналады. Тиісінше, санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі және Бірыңғай тіркеушінің шығындарын өтеуге алым жалпы жиналыстың болғанына немесе болмағанына, оның бастапқы немесе қайталама екендігіне қарамастан төлеуге жатады.

2. Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі келесідей түрлерге бөлінеді:
 - 1) күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі;
 - 2) сырттай өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі;
3. Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі объектілік болып табылады және Бірыңғай тіркеушінің санақ комиссиясының қызметін көрсетудің әрбір жағдайы үшін есептеледі.
4. Бірыңғай тіркеушінің шығындарын өтеуге алым дербес болып табылмайды және ол, егер күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысты өткізу орны Алматы қаласының шегінен тыс болған жағдайда, күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифіне қосылады.

Бірыңғай тіркеушінің шығындарын өтеуге алым Бірыңғай тіркеуші сырттай өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының қызметін көрсеткен кезде алынбайды.

Бірыңғай тіркеушінің шығындарын өтеуге алым мөлшерлемесі белгіленбейді.

Бірыңғай тіркеушінің шығындарын өтеуге алым мөлшерін олар Бірыңғай тіркеуші қызметкерлерін іссапарға жіберу тәртібін және іссапар шығындарының нормаларын белгілейтін Бірыңғай тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес дербес анықтайды. Бірыңғай тіркеуші оның сұратуы бойынша күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс бастамашысына аталған ішкі құжаттардан үзінді көшірмені ұсынады.

20-бап. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі

1. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі (бұдан әрі осы бапта – тариф) тарифтің негізгі және ауыспалы бөлігінің жиынтығы ретінде есептеледі.
2. Тарифтің негізгі бөлігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$BT = N \times D \times S_b, \text{ мұнда}$$

BT – тарифтің негізгі бөлігінің мөлшері, Қазақстан теңгесімен;

N – Бірыңғай тіркеушінің атынан санақ комиссиясының функцияларына жататын әрекеттерді орындайтын Бірыңғай тіркеуші қызметкерлері тобының сандық құрамы (бұдан әрі осы бапта – топ), адамдар;

D – санақ комиссиясының қызметін көрсетудің күні бойғы ұзақтығы (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

S_b –тарифтің негізгі бөлігінің 30,0-АЕК² еселік мөлшеріне тең мөлшері, Қазақстан теңгесімен.

3. Егер күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысты өткізу орны Алматы қаласының шегінде болған жағдайда, санақ комиссиясының қызметін көрсету ұзақтығы осы жиналыс өткізілген толық және жартылай күн санына тең деп танылады.

Егер күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысты өткізу орны Алматы қаласының шегінен тыс болған жағдайда, санақ комиссиясының қызметін көрсету ұзақтығы топ мүшелері болған іссапар мерзіміне тең деп танылады (толық және жартылай күндерде).

4. Топтың әртүрлі мүшелері болған іссапар мерзіміндегі айырмашылықтар кезінде тарифтің негізгі бөлігі алынған мәндерді кезекті жиынтықтаумен топтың әрбір мүшесі бойынша жеке есептеледі.

2 Зейнетақыны, жәрдемақыны және өзге әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтарды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш, оның мәні тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленеді.

5. Тарифтің ауыспалы бөлігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VT = Q \times A \times Sv, \text{ мұнда}$$

VT – тарифтің ауыспалы бөлігінің мөлшері, Қазақстан теңгесімен;

Q – күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа тіркелген қатысушылар саны, адам;

A – күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс үшін күн тәртібіндегі мәселелер саны, дана;

Sv — тарифтің ауыспалы бөлігінің АЕК 1,0-еселік мөлшеріне тең мөлшерлемесі, Қазақстан теңгесімен.

21-бап. Сырттай жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі

1. Сырттай жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функциясын жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай тіркеушінің тарифі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T = (Bp \times Sp) + (Be \times Se), \text{ мұнда}$$

T – сырттай жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функциясын жүзеге асырғаны үшін тариф мөлшерлемесі, Қазақстан теңгесімен;

Bp – Бірыңғай тіркеуші қағаз нұсқадағы қол қойылған түпнұсқа түрінде алған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердің, оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің жалпы саны, дана;

Sp – Бірыңғай тіркеушіге қағаз нұсқадағы қол қойылған түпнұсқа түрінде ұсынылған сырттай дауыс беру үшін АЕК 0,4-еселік мөлшеріне тең бюллетеньді қабылдау, тіркеу және өңдеу үшін тариф мөлшерлемесі, Қазақстан теңгесімен;

Be – Бірыңғай тіркеуші электронды түрде КАСД eVote жүйесі арқылы алған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердің жалпы саны, дана;

Se – Бірыңғай тіркеушіге электронды түрде КАСД eVote жүйесі арқылы ұсынылған сырттай дауыс беру үшін бюллетеньді қабылдау, тіркеу және өңдеу үшін АЕК 0,05-еселік мөлшеріне тең тариф мөлшерлемесі, Қазақстан теңгесімен.

22-бап. Санақ комиссиясының қызметін төлеу тәртібі

1. Бірыңғай тіркеуші көрсеткен санақ комиссиясының қызметін төлеуді жалпы жиналыс бастамашысы Бірыңғай тіркеуші жасаған және оған жалпы жиналыс бастамашысы ұсынған төлем шоты негізінде жүзеге асырады.

Төлем шотын Бірыңғай тіркеуші жасайды және оған жалпы жиналыс бастамашысы осы Қағиданың 12-бабының 7-тармағына немесе 13-бабының 6-тармағына немесе 17-бабының 7-тармағына немесе 18-бабының 6-тармағына сәйкес құжаттардың жиынтығын жалпы жиналыс бастамашысының өкіліне бергеннен кейін үш жұмыс күні ішінде ұсынады.
2. Шотқа төлем жалпы жиналыс бастамашысына келесідей әдістердің бірімен ұсынылады (Бірыңғай тіркеуші үшін кемімелі артықшылық тәртібімен):
 - 1) осы шотты жалпы жиналыс бастамашысына мәтіндік хабарлама түрінде электронды почта бойынша (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) жіберу;
 - 2) осы шотты жалпы жиналыс бастамашысына .pdf форматында осы шоттың цифрлық көшірмесі түрінде электронды почта бойынша (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) жіберу;
 - 3) қағаз нұсқадағы осы шоттың түпнұсқасын Бірыңғай тіркеушіден жалпы жиналыс бастамашысына арналған қағаз нұсқадағы түпнұсқа түріндегі құжаттарды алуға уәкілетті жалпы жиналыс бастамашысының қызметкеріне тапсыру;
 - 4) қағаз нұсқадағы осы шоттың түпнұсқасын Ұлттық немесе почтаның өзге операторы арқылы тапсырыс хатпен жалпы жиналыс бастамашысына жіберу;
 - 5) қағаз нұсқадағы осы шоттың түпнұсқасын жалпы жиналыс бастамашысына әдейілеп жіберу.
3. Егер төлем шоты жалпы жиналыс бастамашысына мәтіндік хабарлама түрінде электронды почтамен жіберілген жағдайда, осы шот қосымша жалпы жиналыс бастамашысына осы баптың 2-тармағының 2)-5) тармақшаларында көзделген әдістердің бірімен (Бірыңғай тіркеушінің таңдауы бойынша) ұсынылуы тиіс.

Егер төлем шоты жалпы жиналыс бастамашысына .pdf форматында осы шоттың цифрлық көшірмесі түрінде электронды почтамен жіберілген жағдайда, қағаз нұсқадағы осы шоттың түпнұсқасы қосымша жалпы жиналыс бастамашысына ұсынылмайды.
4. Жалпы жиналыс бастамашысы оған Бірыңғай тіркеушісі ұсынған төлем шотын осы шот ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

5. Төлем шотын ұсыну күні:
 - 1) (осы шотты осы баптың 2-тармағының 1) немесе 2) тармақшасында көзделген әдіспен ұсынған кезде) осы шотты электронды почтаның есептік деректеріне сәйкес электронды почтамен жіберген күн;
 - 2) (осы шотты осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген әдіспен ұсынған кезде) қағаз нұсқадағы осы шоттың түпнұсқасын Бірыңғай тіркеушінің тіркеу деректеріне сәйкес жалпы жиналыс бастамашысының қызметкеріне тапсыру күні (осы баптың 6-тармағында белгіленгендерді қоспағанда);
 - 3) (осы шотты осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген әдіспен ұсынған кезде) қағаз нұсқадағы осы шоттың түпнұсқасын Ұлттық немесе почтаның өзге операторының тіркеу деректеріне сәйкес жалпы жиналыс бастамашысының алған күні (осы баптың 6-тармағында белгіленгендерді қоспағанда);
 - 4) (осы шотты осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген әдіспен ұсынған кезде) қағаз нұсқадағы осы шоттың түпнұсқасын әдейілеп алынған алу қолхатына сәйкес жалпы жиналыс бастамашысына тапсыру күні (осы баптың 6-тармағында белгіленгендерді қоспағанда) болып табылады.
6. Егер 3-тармақтың бірінші абзацына сәйкес осы төлем шоты жалпы жиналыс бастамашысына мәтіндік хабарлама түрінде электронды почтамен бұрын жіберілген осы шотқа қосымша ретінде ұсынылса, осы шотты ұсыну күні электронды почтаның есептік деректеріне сәйкес оған электронды почтамен жіберген күн болып табылады.
7. Осы баптың 4-тармағында белгіленген міндеттемені бұзған жағдайда, Жалпы жиналыс бастамашысы Бірыңғай тіркеушіге осындай бұзудың әрбір күні үшін тұрақсыздық айыбын төлейді.

Аталған тұрақсыздық айыбы орындалмаған төлем сомасы және аталған тұрақсыздық айыбын төлеу күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 1,5-еселік мәні ретінде есептеледі.

**4-тарау. САНАҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ШАРТ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ
ЕРЕЖЕ**

(Бұл тарау Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).

Басқарма Төрағасы

Б.Х. Капышев

Санақ комиссиясының
функцияларын жүзеге
асыру бойынша қызмет
көрсету қағидасына

1-қосымша

*(Бұл қосымша Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14
желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*

Санақ комиссиясының
функцияларын жүзеге
асыру бойынша қызмет
көрсету қағидасына

2-қосымша

(Бұл қосымша Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).

Санақ комиссиясының
функцияларын жүзеге
асыру бойынша қызмет
көрсету қағидасына

3-қосымша

*(Бұл қосымша Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14
желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*

Санақ комиссиясының
функцияларын жүзеге
асыру бойынша қызмет
көрсету қағидасына

4-қосымша

*(Бұл қосымша Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14
желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*

Санақ комиссиясының
функцияларын жүзеге
асыру бойынша қызмет
көрсету қағидасына

5-қосымша

*(Бұл қосымша Бірыңғай тіркеушінің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14
желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*